

**ЖАҒАНДАНУ ҮДЕРІСТЕРІ ЖӘНЕ ЛОКАЛДЫҚ
ТӘЖІРИБЕЛЕРДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ
МЕН ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ФОКУСЫ**

¹Мира МАУЛЬШАРИФ

¹*Narxoz Университеті, Алматы қаласы, Қазақстан mira.maulsharif@narxoz.kz*

Мақалаға сілтеме: Маульшариф М. Жаһандану үдерістері және локалдық тәжірибелердің теориялық тұжырымдамасы мен әлеуметтанулық фокусы // // SOCIOLOGY.KZ. – 2025. – №1(1). – P. 263 – 272. <https://doi.org/10.48010/2026.1/sskz.15>

Аңдатпа. Бұл мақалада жастар бірегейлігінің гибриді сипаты жаһандану мен локализация үдерістерінің өзара тоғысуының нәтижесі ретінде қарастырылады. Аппадурайдың «ландшафттар» моделі мен Робертсонның глокализация тұжырымдамасы жастардың әлеуметтік-мәдени тәжірибелерінің көпдеңгейлі табиғатын түсіндіруге теориялық негіз береді. Гидденс пен Кастельс идеялары жастардың рефлексивті агенттігі мен цифрлық кеңістіктегі өзіндік бейнелеуін ашып көрсетеді. Глокалдық мәдени стратегиялар арқылы жастар жаһандық идеяларды жергілікті мәдени контекстке бейімдеп, дәстүр мен заманауилық арасындағы тепе-теңдікті сақтайды. Қазақстан контекстінде бұл үдеріс ұлттық және жаһандық сәйкестіліктердің динамикалық өзара ықпалы арқылы көрініс табады, ал әлеуметтанулық тұрғыдан мұндай глокалдық диалог қоғамның мәдени жаңғыруы мен тұрақтылығы үшін маңызды фактор ретінде бағаланады.

Түйін сөздер: жаһандану, глокализация, жастар, бірегейлік, агенттік, мәдени трансформация.

ТЕОРЕТИЧЕСКАЯ КОНЦЕПЦИЯ И СОЦИОЛОГИЧЕСКИЙ ФОКУС ПРОЦЕССОВ ГЛОБАЛИЗАЦИИ И ЛОКАЛЬНЫХ ПРАКТИК

¹Мира МАУЛЬШАРИФ

¹Университет Нархоз, город Алматы, Казахстан, mira.maulsharif@narхоз.kz

THE THEORETICAL CONCEPTION AND SOCIOLOGICAL FOCUS OF GLOBALIZATION PROCESSES AND LOCAL PRACTICES

¹Mira MAULSHARIF

¹Narхоз University, Almaty, Kazakhstan, mira.maulsharif@narхоз.kz

Аннотация. В данной статье рассматривается гибридный характер молодежной идентичности как результат взаимопереплетения процессов глобализации и локализации. Модель «ландшафтов» Аппадурая и концепция глокализации Робертсона обеспечивают теоретическую основу для объяснения многослойной природы социально-культурного опыта молодежи. Идеи Гидденса и Кастельса раскрывают рефлексивное агентство молодежи и особенности саморепрезентации в цифровом пространстве. Посредством глокальных культурных стратегий молодое поколение адаптирует глобальные идеи к местным культурным контекстам, сохраняя баланс между традицией и современностью. В контексте Казахстана данный процесс проявляется через динамическое взаимодействие национальной и глобальной идентичностей, а с социологической точки зрения подобный глокальный диалог оценивается как важный фактор культурного обновления и устойчивости общества.

Ключевые слова: глобализация, глокализация, молодежь, идентичность, агентность, культурная трансформация.

Abstract. This article examines the hybrid nature of youth identity as a result of the intersection between globalization and localization processes. Appadurai's "landscapes" model and Robertson's concept of glocalization provide a theoretical foundation for understanding the multidimensional character of young people's socio-cultural experiences. The ideas of Giddens and Castells reveal the reflexive agency of youth and their self-representation within the digital sphere. Through glocal cultural strategies, young people adapt global ideas to local contexts while maintaining a balance between tradition and modernity. In the Kazakhstani context, this process manifests as a dynamic interaction between national and global identities, while from a sociological perspective, such glocal dialogue represents an essential factor in cultural renewal and societal stability.

Key words: globalization, glocalization, youth, identity, agency, cultural transformation.

Кіріспе

XXI ғасырдың жаһандану дәуірі әлеуметтік және мәдени өзгерістердің қарқынын бұрын-соңды болмаған деңгейге жеткізді. Ақпараттық технологиялар мен трансұлттық мобильділік жастардың өмір салтына тікелей ықпал етуде [1]. Қазақстанда бұл процестер дәстүрлі мәдениет, исламдық қайта өрлеу

және посткеңестік әлеуметтік мұралармен қиылысып, күрделі мәдени өріс қалыптастырады [2]. Жастардың глокалданған тұлғалық және әлеуметтік бірегейлігін талдау қазіргі әлеуметтанудың өзекті бағыты болып табылады [3], [4].

Бұл зерттеу әлеуметтік теориялар мен мәдени талдаудың түйісінде орналасқан. Ғылыми маңыздылығы – жаһандық және жергілікті ықпалдардың *қоғамдық агенттіктің, мәдени рефлексия мен әлеуметтік бейімделудің* негізгі тетігі ретінде қарастырылуында. Сонымен қатар, зерттеу қазақстандық қоғамның қазіргі *гендерлік* бірегейліктерді қалыптастыру процесін түсіндіруге үлес қосады.

Зерттеудің басты мақсаты – жаһандану мен локализация жағдайындағы қазақстандық жастардың гибриді бірегейлігінің теориялық үлгісін қалыптастыру және глокалдық мәдени стратегиялардың әлеуметтанулық мазмұнын ашу.

Зерттеу сапалық және теориялық-талдамалық әдістерге сүйенеді. Теориялық деңгейде – салыстырмалы талдау, концептуализация және интерпретативті әдіс қолданылды; әдістемелік негізі – құрылымдық, мәдени-прагматикалық және агенттік үш деңгейлі талдау моделі [5], [6].

Бұл тәсіл жастардың әлеуметтік позициясын тек экономикалық немесе демографиялық тұрғыдан ғана емес, *мәдени мағыналар мен өзіндік репрезентация* арқылы түсіндіруге мүмкіндік береді.

Жастардың гибриді бірегейлігін зерттеу – жаһандану жағдайында мәдени тұрақтылық пен әлеуметтік жаңғырудың негізгі индикаторы. Зерттеу нәтижелері қазақстандық қоғамда дәстүр мен заманауилықтың, ұлттық пен жаһандықтың үйлесімін тереңірек түсіндіруге бағытталған әлеуметтанулық база қалыптастырады.

Жастар бірегейлігінің гибриді сипатына теориялық негіздемелері

Жаһандану социомәдени кеңістікті түбегейлі өзгертуде, дәстүрлі шекараларды жойып, қалыптастырады [7]. Антрополог Арджун Аппадурай бұл құбылысты бес ерекше «ландшафт» немесе ағым арқылы сипаттайды: этноландшафт (ethnoscapes), техноландшафт (technoscapes), идеоландшафт (ideoscapes), финанцландшафт (financescapes) және медиаландшафт (mediascapes). Бұл үлгі жаһандануды адамдардың, технологиялардың, идеялардың, қаржының және медианың ұлттық шекаралардан асып өтіп, жаңа әлеуметтік контексттер қалыптастыруы ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді. Аталған ағымдар өзара тәуелсіз өмір сүрмейді, олар күнделікті тәжірибеде тоғысып, бірін-бірі күшейтеді.

Этноландшафт адамдардың шекаралар арқылы қозғалысын қамтиды: еңбек мигранттары, босқындар және туристер. Мысалы, халықаралық туризм – ең жылдам дамып келе жатқан салалардың бірі, ол мәдени диалогқа да, сонымен қатар теңсіз қарым-қатынастарға да жағдай жасайды. Дамыған елдердің туристері, өз елдерінде орта табысы бар болса да, Глобалдық Оңтүстік елдерінде салыстырмалы «ыңғайлылықтарға» ие бола алады, бұл билік қатынастарындағы асимметрияны көрсетеді [8].

Техноландшафт технологиялардың жаһандық айналымын білдіреді. Мысалы, Apple смартфондарының өндірісі әлемнің бір бөлігіндегі сұраныстың басқа

контекстке сүйенеді. Бұл тұрғыда глокализация жеке тұлғалық бірігейліктердің, әлеуметтік институттардың және мәдени практикалардың трансұлттық ықпалдар мен жергілікті ерекшеліктер тоғысындағы үздіксіз қайта құрылуын талдауға мүмкіндік береді.

Энтони Гидденстің (1991) құрылымдаушы теориясы (*structuration theory*) мен «*рефлексивті жоба*» концепциясы жастардың өзіндік бейнесін әлеуметтік рефлексия арқылы құруын сипаттайды. Ол тұлғаның қоғам құрылымдарының әсерін толықтай қабылдаушы емес, керісінше, оларды түсініп, өз әрекеті арқылы қайта өндіретін белсенді агент екенін айқындайды. Жастар жаһандану дәуірінде өз өмірлік стратегияларын таңдауда үздіксіз рефлексия жасап, әлеуметтік нормалар мен мәдени контекстке бейімделеді. Осы процесте бірегейлік тұрақты күй емес, өзгермелі және әлеуметтік жағдайлармен үнемі қайта құрылатын динамикалық құбылыс ретінде көрінеді.

Мануэль Кастельс (1997) ұсынған «*network society*» теориясы жастардың цифрлық кеңістікте өз бейнесін қалыптастыру жолдарын түсіндіреді. Оның пікірінше, желілік қоғамда ақпарат пен коммуникация әлеуметтік капиталдың жаңа түріне айналады, ал жеке тұлғалар өздерінің бірегейлігін виртуалды өзара әрекет арқылы құрастырады (конструкция). Цифрлық кеңістік жастар үшін өзін-өзі танытудың, әлеуметтік мойындалудың және азаматтық белсенділіктің аренасына айналып отыр. Осылайша, онлайн желілер әлеуметтік интеграцияның жаңа формаларын туындатып, жаһандық мәдениетпен өзара ықпалдасу мүмкіндігін кеңейтеді.

Посткеңестік контексте жастардың бірегейлігін талдауда этникалық, азаматтық және жаһандық сәйкестіліктердің арақатынасы ерекше маңызға ие. Зерттеулер көрсеткендей, қазіргі жастар өздерін бір мезгілде ұлт өкілдері, белгілі бір мемлекеттің азаматтары және жаһандық мәдени кеңістіктің қатысушылары ретінде жиі сипаттайды [15], [16]. Бұл, әсіресе Қазақстан сияқты көпмәдениетті қоғамдарда, бірегейлік қақтығыстарын туындатады.

Жаһандық бірегейлігін көбіне ағылшын тілін меңгерумен, цифрлық дағдылармен және трансұлттық құндылықтарға (экология, адам құқықтары, төзімділік) бейілділікпен байланыстырылса, жергілікті бірегейлік тілге, әдет-ғұрыпқа және этникалық тиесілілікке сүйенеді. Осы көпқабатты сәйкестіліктердің өзара байланысын түсіну интерсекционалдық әдісті қажет етеді.

Қазақстандық жастар үшін гибриді бірегейлік – дәстүрлі қазақ құндылықтары мен жаһандық өмір салтының үйлесімі [17]. Бұл мәдени синтез білім, еңбек, отбасы және медиа арқылы қалыптасады [18].

Глокалдық мәдени стратегиялар

Аппадурайдың тұжырымдамасына сүйене отырып, жаһандану қазіргі әлеуметтік өмірдің құрылымын түбегейлі өзгертетіні анық. «Дегенмен, жаһандануды адам *агенттігінен* тыс, өздігінен пайда болатын күй ретінде түсіну қате» - деп түсіндіреді доктор Лорен Миллер Гриффит – Техас Техникалық университетінің антропология кафедрасының ассистент-профессоры және доктор Джонатан С. Мэрион, антропология кафедрасының доценті және және Арканзас университетіндегі Гендерлік зерттеулер жөніндегі үйлестіру комитетінің мүшесі. Көп жағдайда адамдар жаһандану арқылы оларға қолжетімді

болған жаңа өнімді немесе идеяны қабылдау-қабылдамау туралы шешімді өздері қабылдайды. Сондай-ақ олар сол өнімді немесе идеяны қандай мақсатта және қалай пайдаланатынын өздері анықтай алады, кейде бұл бастапқы мақсаттан мүлде өзгеше болуы мүмкін [19].

Жоғарыда аталған глокализация ұғымы жаһандық идеялардың жергілікті мәдениетке бейімделуін білдіреді. Гриффит пен Мэрион бойынша кей жағдайларда бұл бейімделу трансұлттық корпорациялар тарапынан пайда табу стратегиясы ретінде жүзеге асады. Мәселен, McDonald's мейрамханасы әр елде мәзірін жергілікті талғамға сай өзгертеді. Егер АҚШ-та Big Mac ең танымал тағам болса, Үндістанда McAloo Tikki™ (үгітілген нан қабығымен қапталған картоп пен бұршақ котлеті), Гонконгта таңғы асқа тауық сорпасындағы көкөніс пен жұмыртқалы кеспе, Таиландта жүгері немесе ананас бәліштері, ал Жаңа Зеландияда ет пен ірімшікті бәліш ұсынылады.

Гриффит пен Мэрион бойынша басқа жағдайларда жаңа идеяларды корпорациялар емес, адамдардың өздері шығармашылық жолмен бейімдейді. Авторлардың мысалында, Мексиканың Оахака штатындағы сапотек халқы жаһандық нарықтағы тұтыну тауарларын өздерінің көне мәдени дәстүрлеріне сәйкес қолданудың жолын тапқан. Дәстүр бойынша, бір қауым мүшесі қайтыс болғанда, оның туыстары оның рухына құрмет көрсету үшін келген адамдарға арналған көп мөлшерде тамалес (жүгері нанынан дайындалған тағам) әзірлеуге міндетті болған. Бұрын бұл тағамдар саз балшық ыдыстарға салынып таратылса, қазір Туррегware сияқты заманауи тұрмыстық бұйымдар бұл дәстүрді ыңғайлы әрі қолжетімді етіп отыр. Бұл мысалда шетелдік тауарлар мен идеялардың енуі сапотек мәдениетіне қауіп төндірмейді, себебі қауым жаңа элементтерді өз дәстүрлі тәжірибесіне енгізіп, бұрынғы құндылықтардан толық бас тартпайды.

Осындай мысалдар жаһандану мәдени біртектестікке ғана алып келеді деген қорқыныштардың асыра айтылғанын көрсетеді деп тұжырымдай отырып, Гриффит пен Мэрион, дегенмен, кейбір қауымдар керісінше, мұндай өнімдерден саналы түрде бас тартады, себебі олар модернизация мен жаһандануды мәдениеттің жойылуымен байланыстырады. Мысалы, Нобель сыйлығының лауреаты Ригоберта Менчу өз естеліктерінде Майя ақсақалдарының жастарға Coca-Cola ішуге немесе дәстүрлі maпо мен metate-ның орнына заманауи жүгері тартқыштарды қолдануға қатаң тыйым салғанын жазады.

Жоғарыдағы талдауға сүйене отырып, жастардың тәжірибесінде үш негізгі стратегия байқалатынын ұсынамыз: интегративті (глобал мен локалдың үйлесуі), селективті (пайдалы жаһандық тәжірибелерді қабылдау), және қарсылық (дәстүрді қорғау арқылы мәдени автономияны сақтау) [20].

Осылайша, гибридті бірегейлік қазіргі қазақстандық жастардың жаһандық кеңістіктегі өзін-өзі тану және әлеуметтік бағдар алу стратегияларының өзегіне айналуда.

Әлеуметтанулық зерттеулердің фокусы

Теориялық тұжырымдамалар қазіргі әлеуметтанулық зерттеулердің үш деңгейде жүргізілуі қажеттігін анықтайды: құрылымдық, мәдени-прагматикалық және агенттік [21], [22]. Осы әдіснамалық негізге сүйене отырып, жастарды қоғамның әлеуметтік құрылымының ерекше әрі динамикалық бөлігі ретінде

қарастыру орынды. Әлеуметтануда жастар ұғымы қоғамдағы әлеуметтік стратификация, институционалдық рөлдер және мәдени репродукция ұғымдарымен тығыз байланыста қарастырылады. Бұл тұрғыдан алғанда, жастар әлеуметтік капиталды жаңғырту мен мәдени өзгерістердің негізгі тетігі ретінде сипатталады.

Қазіргі ғылыми ізденістерде жастарды зерттеу социология, мәдениеттану және педагогика тоғысындағы кешенді академиялық бағыт – *youth studies* аясында жүргізіледі. Бұл бағыт 1960–1970 жылдары Батыс Еуропа мен Австралияда жастар мәдениетінің жедел өзгерісі, білім деңгейінің өсуі, урбанизация үдерісі және гендерлік пен этникалық рөлдердің трансформациясына жауап ретінде қалыптасты.

Қазіргі *youth studies* зерттеулері жастарды өмірлік циклдің өтпелі кезеңі ретінде ғана емес, сонымен қатар жаһандану мен постиндустриялық қоғам жағдайында толыққанды әлеуметтік актор ретінде қарастырады. Негізгі назар әлеуметтену, идентификация, агенттік, субмәдени өзін-өзі таныту, сондай-ақ әлеуметтік теңсіздік пен мобилизация процестеріне бағытталады (1-кесте).

1-кесте. Youth studies саласының негізгі теоретиктері мен олардың тұжырымдамалары

Автор	Негізгі тұжырымдама	Мазмұны	Қазақстандағы зерттеулерге қолданбалылығы
Johanna Wyn	<i>Negotiated Transitions</i> (келісілген өтулер)	Ересектікке өту тұрақсыз, бейімделу стратегияларын қажет етеді; акцент – жастардың агенттігінде.	Посткеңестік белгісіздік жағдайында жастар білім мен мансап траекторияларын өз бетінше құрастырады.
Andy Furlong	<i>Risk Biography, Semi-dependence</i>	Жастардың өмірлік траекториялары тәуекелдермен және отбасы мен мемлекетке жартылай тәуелділікпен сипатталады.	Университет, еңбек нарығы және еңбек миграциясы контекстінде прекарлық жағдайларды талдауға сәйкес.
Helena Helve	Құндылық трансформациясы, ұрпақаралық диалог	Бірегейлік ұрпақтар арасындағы қайшылықтарда қалыптасады, әсіресе постсоциалистік қоғамдарда.	Дәстүрлі (отбасы, неке, гендер) және жаһандық (білім, мобильдік) құндылықтар арасындағы қайшылықтарды түсіндіреді.
Zygmunt Bauman	<i>Liquid Identity, Individualization</i>	Бірегейлік тұрақсыз, үздіксіз таңдау мен бейімделуді талап етеді; қоғам – «селдір сұйық заманауи».	Цифрлық кеңістіктегі көпқырлы, жағдайға байланысты өзін-өзі танытуды талдауға сәйкес.
Arjun Appadurai	<i>Scapes</i> (ethnoscape, mediascape және т.б.)	Жастар бірегейлігі ақпарат, бейне және адамдардың жаһандық ағындарында қалыптасады.	Цифрлық медиа, көші-кон және білім беру ағымдарының әсерін бейнелейді.
Stuart Hall	<i>Cultural Identity as a Process</i>	Бірегейлік – мән емес, процесс; ол дискурстық позициялар мен мәдени аудармалар арқылы қалыптасады.	«Қазақ», «заманауи» және «жаһандық» аралығындағы гибриді бірегейлік талдауға өзекті.
Tracey Skelton	<i>Youth Geographies</i>	Бірегейлік кеңістіктік аспектілері: қалалық және жергілікті жағдайлар жастарға қалай әсер етеді.	Мегаполистер және перифериялық аймақтар жастарының айырмашылықтарын талдауға маңызды.

Гендерлік зерттеулер бағыты ерекше мәнге ие. Гендерлік аспект тұлғалық бірегейлікті теориялық тұрғыдан талдаудың ажырамас бөлігі болып табылады. Гендерлік нормалар әлеуметтік-мәдени тұрғыдан қалыптасқандықтан, жаһандану жағдайында олар қайта анықталуға ұшырайды. Әсіресе мегаполистерде жастар маскулиндік пен фемининдіктің баламалы үлгілеріне қол жеткізуде, бұл олардың өзін-өзі таныту дискурсында, дене мәдениетінде және жыныстық репертуарларында көрініс табады. Сонымен қатар, Орталық Азиядағы зерттеулер көрсеткендей, дәстүршіл күтулер мен жаңғыртылған гендерлік стратегиялар арасында қайшылық орын алуда [23], [24], [25], [26], [27], [28], [29].

Дуглас Блум (2020) атап өткендей, Қазақстанда әйелдердің әлеуметтік мүмкіндіктері артып келе жатқанымен, патриархалдық нормалар олардың өмірлік таңдауларына әсер етуді жалғастыруда.

Жастардың гибриді бірегейлігін зерттеу үшін социология теориялық және қолданбалы тәсілдерді біріктіруі қажет. Негізгі бағыттар: медиатизация және цифрлық азаматтық [30], гендерлік трансформация [28], этникалық және тілдік бірегейлік [31] азаматтық агенттік және белсенділік [32].

Қорытынды

Жастар бірегейлігінің гибриді сипаты жаһандану мен локализацияның өзара ықпалы нәтижесінде қалыптасады. Аппадурайдың «ландшафттар» моделі мен Робертсонның глокализация тұжырымдамасы бұл үдерістердің әлеуметтік және мәдени деңгейлердегі күрделілігін түсіндіруге мүмкіндік береді. Гидденс пен Кастельс еңбектері жастардың рефлексивті агенттігі мен цифрлық кеңістіктегі өзіндік бейнелеуін айқындайды.

Глокализация қазақстандық жастардың дәстүр мен заманауилық арасындағы тепе-теңдікті сақтай отырып, жаһандық идеяларды жергілікті мәдени контексте қайта мағыналандыру тетігіне айналды. Мұндай процестер ұлттық және жаһандық сәйкестіліктердің үйлесімін көрсетіп, қоғамның мәдени жаңғыруына жаңа серпін береді. Қазіргі әлеуметтанулық зерттеулер осы динамиканы құрылымдық, мәдени және агенттік өлшемдердің өзара байланысында қарастыру арқылы жастардың әлеуметтік трансформациясын тереңірек түсіндіре алады.

Қаржыландыру

Мақала ҚР ҒЖЖБМ Ғылым Комитетінің гранттық қаржыландыруы шеңберінде дайындалды (AP19680642 «Қазақстан жастарының бірегейлігінің трансформациясындағы жаһандану мен глокализация»).

Әдебиеттер тізімі

1. Beck, U. (2004). Risk society: Towards a new modernity. Sage Bauman, Z. (2000). Liquid modernity. Polity Press.
2. Blum, D. (2020). National identity and globalization: Youth, state, and society in post-Soviet Eurasia. Cambridge University Press.

3. Hall, S. (1996). Cultural identity and diaspora. In P. Williams & L. Chrisman (Eds.), *Colonial discourse and post-colonial theory* (pp. 392–403). Routledge.
4. Wyn, J., & Woodman, D. (2006). Generation, youth and social change in Australia. *Journal of Youth Studies*, 9(5), 495–514.
5. Giddens, A. (1991). *Modernity and self-identity: Self and society in the late modern age*. Stanford University Press.
6. Furlong, A., & Cartmel, F. (2007). *Young people and social change: New perspectives*. Open University Press
7. Appadurai, A. (1996). *Modernity at large: Cultural dimensions of globalization*. University of Minnesota Press.
8. United Nations World Tourism Organization (UNWTO). (2015). *Tourism highlights: 2015 edition*. Madrid: UNWTO.
9. Eisenstein, E. L. (1980). *The printing press as an agent of change*. Cambridge University Press.
10. Everett, D. (2008). *Don't sleep, there are snakes: Life and language in the Amazonian jungle*. New York: Pantheon.
11. Sassen, S. (2001). *The global city: New York, London, Tokyo (2nd ed.)*. Princeton: Princeton University Press.
12. Timmerman, K. (2008). *Where am I wearing? A global tour to the countries, factories, and people that make our clothes*. Hoboken, NJ: Wiley.
13. Eisenstein, E. L. (1980). *The printing press as an agent of change: Communications and cultural transformations in early-modern Europe*. Cambridge: Cambridge University Press.
14. Bauman, Z. (2000). *Liquid Modernity*. Polity Press.
15. Tishkov, V. (2000). *Ethnicity, nationalism and conflict in and after the Soviet Union*. Sage.
16. Beck, U. (2004). *Cosmopolitan Realism: On the Distinction between Cosmopolitanism in Philosophy and the Social Sciences*. *Global Networks*, 4(2), 131–156. <https://doi.org/10.1111/j.1471-0374.2004.00084.x>
17. Helve, H., & Wallace, C. (Eds.). (2011). *Youth, Citizenship and Empowerment*. Ashgate. <https://doi.org/10.1177/1461444815606616>
18. Swidler, A. (1986). Culture in action: Symbols and strategies. *American Sociological Review*, 51(2), 273–286. <https://doi.org/10.2307/2095521>
19. Griffith, L. M., & Marion, J. S. (2018). Globalization. In N. Brown, L. T. de Gonzalez, T. McIlwraith (Eds.), *Perspectives: An open invitation to cultural anthropology* (pp. 348–365). American Anthropological Association.
20. Tulebayev, B. (2020). Youth identity and modernization in Kazakhstan: Between tradition and change. *Central Asian Journal of Social Sciences*, 5(2), 45–59.
21. Giddens, A. (1991). *Modernity and self-identity: Self and society in the late modern age*. Stanford University Press.
22. Furlong, A., & Cartmel, F. (2007). *Young People and Social Change: New Perspectives*. Open University Press.
23. Kandiyoti, D. (2007). The politics of gender and the Soviet paradox: Neither colonized, nor modern? *Central Asian Survey*, 26(4), 601–623. <https://doi.org/10.1080/02634930701764172>
24. Kudaibergenova, D. T. (2018a). Project kelin: Marriage, women, and re-traditionalization in post-Soviet Kazakhstan. In M. Najafizadeh & L. Lindsey (Eds.), *Women of Asia: Globalization, development, and gender equity* (pp. 379–390). Routledge. <https://doi.org/10.4324/9781315458458>

25. Kabatova, K. (2018). Overcoming a taboo: Normalizing sexuality education in Kazakhstan. *Central Asia Program*. <https://centralasiaprogram.org/wp-content/uploads/2018/01/Kabatova-CAP-Fellows-Paper-January-2018.pdf>
26. Blum, D. (2020). National identity and globalization: Youth, state, and society in post-Soviet Eurasia. Cambridge University Press.
27. Thibault, H., & Caron, J.-F. (2022). An overview of shame and its manifestation in Central Asia. In H. Thibault & J.-F. Caron (Eds.), *Uyat and the culture of shame in Central Asia* (pp. 1–14). Palgrave Macmillan. https://doi.org/10.1007/978-981-19-4328-7_1
28. UNFPA. (2022). Youth and gender equality in Central Asia: Policy and practice review. UNFPA Regional Office.
29. Kabatova, K. (2022). Purity vs. safety: How uyat undermines youth's sexual literacy in Kazakhstan. In H. Thibault & J.-F. Caron (Eds.), *Uyat and the culture of shame in Central Asia* (pp. 23–39). Palgrave Macmillan. https://doi.org/10.1007/978-981-19-4328-7_3
30. Livingstone, S. (2009). Children and the Internet: Great expectations, challenging realities. Polity Press.
31. Tishkov, V. (2000). Ethnicity, nationalism and conflict in and after the Soviet Union. Sage.
32. Harris, A., Wyn, J., & Woodman, D. (2010). *Beyond Apathetic or Activist Youth: 'Ordinary' Young People and Contemporary Forms of Participation*. *Young*, 18(1), 9–32. <https://doi.org/10.1177/110330880901800102>

Авторлар туралы мәлімет / Сведения об авторах / Information about authors

Мира Маульшариф	Гуманитарлық мектептің элеуметтану профессоры, Нархоз Университеті, элеуметтану ғылымдарының кандидаты, PHD, Алматы қаласы, Қазақстан mira.maulsharif@narхоз.kz ORCID ID https://orcid.org/0000-0002-3405-6956
Мира Маульшариф	Профессор социологии Гуманитарной школы, Нархоз Университет, кандидат социологических наук, г. Алматы, Казахстан, email: mira.maulsharif@narхоз.kz ORCID ID https://orcid.org/0000-0002-3405-6956
Mira Maulsharif	Professor of the School of Arts and Social Sciences, Narхоз University, Candidate of Sociological Sciences, Almaty, Kazakhstan, e-mail: mira.maulsharif@narхоз.kz ORCID ID https://orcid.org/0000-0002-3405-6956